

«Кенесары 07» ЖШС

ТОО «Кенесары 07»

“Балбөбек” жеке балабақшасы

Частный детский сад “Балбөбек”

БҰЙРЫҚ № 48

02.09.2025 ж.

«Балабақшада заттық-кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру туралы»

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын іске асыру, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау, олардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Балабақша топтарында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік орта ұйымдастырылсын.
2. Әр топта келесі даму орталықтарының жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін:
 - сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы;
 - шығармашылық орталық;
 - кітап және сөйлеуді дамыту бұрышы;
 - математика және логика орталығы;
 - зерттеу және тәжірибе жасау орталығы;
 - ұлттық тәрбие бұрышы;
 - құрылыс және конструкторлық ойындар аймағы;
 - тынығу және психологиялық жайлылық бұрышы.
3. Педагогтер дамытушы орталықтардың мазмұнын тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес толықтырып, жүйелі түрде жаңартып отырсын.
4. Топтардағы ойын және оқу материалдарының қауіпсіздігі мен санитарлық талаптарға сәйкестігі тұрақты бақылауда ұсталсын.
5. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Менгеруші:

А.К.Бисенова

